**Сербия Республикасынан шығарылатын және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына әкелінетін тауарлардың жекелеген түрлеріне қатысты 2024 жылға арналған тарифтік квоталар көлемін белгілеу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 28 тамыздағы № 132 шешімі

2019 жылғы 25 қазандағы Еуразиялық экономикалық одақ пен оның мүше мемлекеттері арасындағы еркін сауда аймағы туралы келісімнің (бұдан әрі-Келісім) бір Тарап пен екінші Тарап Сербия Республикасы арасындағы келісімнің (бұдан әрі – Келісім) 4-бабына, келісімге тіркелген № 2-қосымшаға, 2014 жылғы мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы 29-шарттың 35 және 45-баптарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасы **шешті:**

1. 2024 жылға № 1-қосымшаға сәйкес Сербия Республикасынан шығарылатын және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) аумағына әкелінетін тауарлардың жекелеген түрлеріне қатысты тарифтік квоталардың көлемі (бұдан әрі тиісінше – тарифтік квоталар, тауарлар) белгіленсін.

2. Белгіленсін:

осы шешімнің № 1-қосымшасында көрсетілген тарифтік квоталар көлемі шеңберінде әкелінетін тауарларға қатысты мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген лицензия болған кезде және Келісімде белгіленген еркін сауда режимін беру шарттары сақталған кезде кедендік құнның 0 пайызы мөлшерінде кедендік әкелу бажының мөлшерлемесі қолданылады;

тарифтік квоталар осы шешімнің № 1-қосымшасында көрсетілген, ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен орналастырылатын тауарларға қатысты қолданылады;

тауарларды осы шешімнің № 1-қосымшасында көрсетілген тарифтік квоталар көлемінен асатын мөлшерде әкелу кезінде және (немесе) келісімде белгіленген еркін сауда режимін беру шарттары сақталмаған кезде Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелері қолданылады.

3. Мүше мемлекеттерге:

осы шешімнің № 1-қосымшасында көрсетілген тарифтік квоталардың көлемін өз заңнамасына сәйкес сыртқы сауда қызметіне қатысушылар арасында бөлуді жүзеге асыру;

атқарушы биліктің уәкілетті органдарына осы шешімнің № 1-қосымшасында көрсетілген тауарлардың импортына лицензиялар беруді жүзеге асыруды тапсырсын;

кеден органдарына тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей Еуразиялық экономикалық комиссияға осы шешімнің № 1-қосымшасында көрсетілген тауарларды өз мемлекетінің аумағына әкелу көлемі туралы № 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақпарат беруді тапсырсын.

4. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы* *М. Мясникович*

2023 жылғы 28 тамыздағы
Еуразиялық экономикалық
комиссиясы алқасының
№ 133-шешіміне тіркелген
№ 1 ҚОСЫМША

**Бір жағынан Еуразиялық экономикалық одақ пен оның мүше мемлекеттері мен екінші жағынан Сербия Республикасы арасындағы еркін сауда аймағы туралы 2019 жылғы 25 қазандағы Келісімге сәйкес Сербия Республикасынан шығарылатын және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына әкелінетін тауарлардың жекелеген түрлеріне қатысты 2024 жылға арналған тарифтік квоталардың КӨЛЕМІ**

| **Тауардың атауы** | **ЕАЭО СЭҚ ТН коды** | **Өлшем бірлігі** | **Тарифтік квота көлемі** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | барлығы | Армения Республикасы | Беларусь Республикасы | Қазақстан Республикасы | Қырғыз Республикасы | Ресей Федерациясы |
| Сербия Республикасынан шыққан және ЕАЭО СЭҚ ТН 0406 90 690 0, 0406 90 740 0, 0406 90 860 0, 0406 90 890 0, 0406 90 920 0, 0406 90 930 0, 0406 90 990 1 и 0406 90 990 9 кодтарымен | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| жіктелетін шөптер, Буттерказе ірімшігі және қой немесе ешкі сүтінен жасалған ірімшік, Гларский ірімшігін қоспағанда, өзге де ірімшіктер, тауардың шығу тегі туралы сертификаттың 8-бағанында "Glarus cheese with herbs", немесе " Buttercase cheese", немесе " Cheese made of goat's or sheep's milk" белгісі болған кезде оларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелу кедендік әкелу баждарын төлеуден босату түріндегі тарифтік жеңілдік қолдана | 0406 90 690 0<br>0406 90 740 0<br>0406 90 860 0<br>0406 90 890 0<br>0406 90 920 0<br>0406 90 930 0<br>0406 90 990 1<br>0406 90 990 9 | тонна | 400 | 3,02 | 19,75 | 121,4 | | 252,12 | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| отырып жүзеге асырылады | | | | | | | 3,71 | |
| Жүзім шарабын дистилляциялау немесе жүзімді сығу нәтижесінде алынған алкоголь тұнбалары, өзгелері | 2208 20 290 0<br>2208 20 890 0 | 100% спирт л | 35 000 | 5 454 | 3 810 | 3 275 | 538 | 21 923 |
| Құрамында шылымдық темекі бар темекі | 2402 20 100 0<br>2402 20 900 0 | 1 000 дана | 2 000 000* | | | | | |
| | | | 238 400** | 39 539 | 21 993 | 966 | 190 | 175 712 |

____________________

* Бір жағынан Еуразиялық экономикалық одақ пен оның мүше мемлекеттері мен екінші жағынан Сербия Республикасы арасындағы еркін сауда аймағы туралы 2019 жылғы 25 қазандағы Келісімге сәйкес тарифтік квота.

** Тарифтік квотаның бөлінетін көлемі.

2023 жылғы 28 тамыздағы
Еуразиялық экономикалық
комиссиясы алқасының
№ 133-шешіміне тіркелген
№ 2 ҚОСЫМША

(үлгі)

**2019 жылғы 25 қазандағы Келісімге сәйкес бір жағынан Еуразиялық экономикалық одақ пен оның мүше мемлекеттері мен екінші жағынан Сербия Республикасы арасындағы еркін сауда аймағы туралы тарифтік квоталар қолданылатын Сербия Республикасынан шығарылатын тауарлардың жекелеген түрлерін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің аумағына әкелу көлемі туралы АҚПАРАТ**

_______ жылғы ___ тоқсан үшін

| Тауардың атауы | ЕАЭО СЭҚ ТН коды | Тоқсан бойынша деректер (айлар бойынша) | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | өлшем бірлігі | саны | құны (АҚШ долларымен) |
| Сербия Республикасынан шыққан және ЕАЭО СЭҚ ТН | | I ай | | | |
| | | II ай | | | |
| | | III ай | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 0406 90 690 0, 0406 90 740 0, 0406 90 860 0, 0406 90 890 0, 0406 90 920 0, 0406 90 930 0, 0406 90 990 1 и 0406 90 990 9 кодтарымен жіктелетін шөптер, Буттерказе ірімшігі және қой немесе ешкі сүтінен жасалған ірімшік, Гларский ірімшігін қоспағанда, өзге де ірімшіктер, тауардың шығу тегі туралы сертификаттың 8-бағанында " Glarus cheese with herbs", немесе " Buttercase cheese ", немесе " Cheese made of goat’s or sheep’s milk" белгісі болған кезде оларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелу кедендік әкелу баждарын төлеуден босату түріндегі тарифтік жеңілдік қолдана отырып жүзеге асырылады | 0406 90 690 0<br>0406 90 740 0<br>0406 90 860 0<br>0406 90 890 0<br>0406 90 920 0<br>0406 90 930 0<br>0406 90 990 1<br>0406 90 990 9 | тоқсан жиыны | тонна | | |
| Жүзім шарабын дистилляциялау немесе жүзімді сығу нәтижесінде | 2208 20 290 0 | I ай | 100% спирт л | | |
| | | II ай | | | |
| | | III ай | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| алынған алкоголь тұнбалары, өзгелері | 2208 20 890 0 | тоқсан жиыны | | | |
| Құрамында шылымдық темекі бар темекі | 2402 20 100 0<br>2402 20 900 0 | I ай | 1 000 дана | | |
| | | II ай | | | |
| | | III ай | | | |
| | | тоқсан жиыны | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК